

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ**

ЖӘРДЕМАҚЫ ЖӘНЕ СЫЙАҚЫ (МАРАПАТТАУ) РЕГЛАМЕНТІ

БІРІНШІ БӨЛІМ

Мақсаты, қолдану аясы, негіздеме және қысқартылған сөздер

Мақсаты

1-бап. - (1) Бұл регламенттің мақсаты - университет қызметкерлері мен студенттеріне, қоғамдық ұйымдар мен мекемелерге, жеке және заңды тұлғаларға берілетін жәрдемақылар мен сыйақылардың (марапаттау) қандай жағдайларда және қалай төленетіндігіне қатысты тәсілдер мен негіздерді реттеу болып табылады.

Қолдану аясы

2-бап. - (1) Бұл регламент, Түркиядағы Өкілетті Кеңес Басқармасының қызметкерлерінен басқа, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті тарапынан қызметкерлеріне, студенттеріне және басқа мекемелер мен тұлғаларға берілетін жәрдемақылар мен сыйақыларға қатысты тәртіп-негіздерді қамтиды.

Негіздеме

3-бап. - (1) Осы регламент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Жарғысының 5-ші бабының (е) тармағына негізделі отырып дайындалды.

Қысқартылған сөздер

4-бап. - (1) Осы регламентте берілген;

- a) A&HCI: Art&Humanities Citation Index-ін,
- b) АҚШ доллары: Америка Құрама Штаттарының долларын,
- c) Көрсеткіш: Қазақстан Республикасы тарапынан жыл сайынғы жалақыларға қатысты айқындалған есептік көрсеткішті,
- d) Комиссия: Университет ректорының төрағалығындағы вице-президенттер мен бас есепшіден құралған комиссияны,
- e) Қызметкер: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің институт, факультет, колледж және басқа да бөлімдерінде штат кестесі бойынша жұмыс істейтін оқытушылар, әкімшілік-шаруашылық, техникалық және көмекші қызметкерлерді,
- f) Ректор: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Президентін,
- g) Ректор өкілі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің I Вице-президентін,
- h) SCI: Science Citation Index-ін,
- i) SSCI: Social Science Citation Index-ін,
- j) Теңге: Қазақстан Республикасының ұлттық теңгесін,
- k) TÜBİTAK: Түркия ғылыми-техникалық зерттеу ұйымын

- 1) Университет: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін білдіреді.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Жәрдемақы мен сыйақылар төленетін қызметкерлер және берілетін соманың мөлшері

Қайтыс болуына байланысты төленетін жәрдемақылар

5-бап. - (1) Қызметкердің әкесі, анасы, жұбайы немесе балаларының бірі қайтыс болуына байланысты (қайтыс болғаны туралы құжатты 1 ай ішінде өткізу шартымен) өзіне, көрсеткіштен 20 есе мөлшерінде жәрдемақы төленеді.

(2) Қызметкердің өзінің қайтыс болуына байланысты заңды мұрагерлеріне көрсеткіштен 40 есе көлемінде жәрдемақы төленеді. Қайтыс болуына байланысты төленетін жәрдемақылар ата-анасы, жұбайы мен балаларынан алынатын өтініште көрсетілген тұлғаға төленеді.

Ауыр науқастарға қатысты жәрдемақылар

6-бап. - (1) Қызметкер ауыр науқастанып ең кем дегенде 1 ай немесе одан да көп (дәрігердің анықтамасына байланысты) уақыт жұмыс істемеген жағдайда, тек бір рет берілу шартымен көрсеткіштен 20 есе көлемінде ауыр науқастануына байланысты жәрдемақы төленеді.

50, 60 және 70 жасқа толу сыйақысы

7-бап. - (1) Комиссия шешімі бойынша, соңғы 3 жылдық қызметі университетте өткен және табысты қызмет атқарған қызметкерге 50, 60 және 70 жасқа толу мерейтойларында көрсеткіштен ең көп 60 есе көлемінде ақшалай сыйақы немесе сыйлық берілуі мүмкін.

Ерен еңбек сіңіргені үшін сыйақы

8-бап. - (1) Университетке қарасты құрылымдық бөлім басшыларының негіздемесімен бірге берген жазбаша ұсынысы және комиссия шешімі бойынша ерен еңбек сіңірген қызметкерге жылына бір рет бір айлық жалақысы көлемінде (әлеуметтік жәрдемақыдан тыс) “Ерен еңбегі үшін” сыйақы берілуі мүмкін.

Жемісті еңбек сыйақысы

9-бап. - (1) Университеттің танытылуына үлес қосқан білім, ғылым, мәдениет және спорт саласында, ұлттық және халықаралық жарыстар, сайыстар мен іс-шараларда жоғары табысқа жеткен қызметкерге, студент және спортшыларға тиісті басшылардың қызмет (негіздеме) хаттарымен бірге жасалған жазбаша ұсыныс пен комиссия шешімі негізінде көрсеткіштен ең көп 100 есе көлемінде Жемісті еңбек сыйақысы берілуі мүмкін.

(2) Халықаралық деңгейдегі спорттық іс-шараларда жоғары нәтижелерге қол жеткізген университет спортшыларына университет ректоры мен ректор

өкілінің бекітуімен төмендегі кестеде көрсетілген мөлшерде Өкілетті Кеңес Төрағасы тарапынан нақты сыйақы беріледі¹.

Ересектер арасында (18 жастан жоғары)

Халықаралық сайыс түрі	I орын	II орын	III орын
Олимпиада чемпионаты	3 000 000 теңге	2 000 000 теңге	1 000 000 теңге
Әлем чемпионаты	1 000 000 теңге	750 000 теңге	500 000 теңге
Азия және Еуропа чемпионаты	300 000 теңге	200 000 теңге	100 000 теңге

Жастар арасында (18-23 жас аралығында)

Халықаралық сайыс түрі	I орын	II орын	III орын
Әлем чемпионаты	750 000 теңге	500 000 теңге	300 000 теңге
Азия және Еуропа чемпионаты	250 000 теңге	200 000 теңге	100 000 теңге

Жасөспірімдер арасында (16-18 жас аралығында)

Халықаралық сайыс түрі	I орын	II орын	III орын
Әлем чемпионаты	500 000 теңге	300 000 теңге	200 000 теңге
Азия және Еуропа чемпионаты	200 000 теңге	150 000 теңге	100 000 теңге

Мақала жариялауға байланысты берілетін ынталандыру сыйақысы

10-бап. - (1) Халықаралық ғылыми базалардың (Web of Science/Web of Knowledge; Elsevier; Scopus, Jstore) индекстелетін ғылыми журналдарында жарияланған әрбір мақала (Article) және алынған әрбір инновациялық патент авторына ИФ (Импакт фактор) көрсеткіштерінің негізінде Өкілетті кеңес шешімімен белгіленген көлемде ынталандыру сыйақысы төленеді. Мақаланың бірнеше авторы болған жағдайда, сыйақы университет ОПҚ-на, қызметкерлеріне, университет білімгерлеріне немесе университет атынан білім алып жүрген білімгерлерге (магистратура, докторантура) теңдей етіп төленеді. ИФ (Импакт фактор) көрсеткіші мен сәйкесінше сыйақы мөлшері барлық бағыттар бойынша төмендегідей²:

¹ 2022 жылғы 19 ақпандағы Өкілетті Кеңестің 71-мәжілісінде қабылданған шешімдердің 10.2. бабымен өзгертілді.

² 2022 жылғы 28 мамырдағы Өкілетті Кеңестің 72-мәжілісінде қабылданған шешімдердің 6.3.1. бабымен өзгертілді.

**Импакт факторлары басылымдарда жарияланған мақалалар (Article)
үшін:**

Индекс атауы	900 000 теңге	800 000 теңге	500 000 теңге	400 000 теңге	300 000 теңге
Jornal Citation Reporst (Clarivate Analytics)	1 квартиль	1 квартиль	2 квартиль	3 квартиль	4 квартиль
(CiteScore Scopus)	процентиль (99-90) %	процентиль (89-76) %	процентиль (75-51) %	процентиль (50-26) %	процентиль (25-1) %

Патент үшін:

Патент атауы	Ынталандыру сомасы
Халықаралық (PCT)	300 000 теңге
Еуразиялық	200 000 теңге
Республикалық	100 000 теңге

(2) Ғылыми негізі жоқ қысқаша баяндамалар/тезистер мен TÜBİTAK-тың (TÜBİTAK -Түркия ғылыми-техникалық зерттеу ұйымы) ынталандыру аясында жарияланған мақалаларға ынталандыру сыйақысы төленбейді.

(3) Жарияланған мақалаларда (Article) мекен-жайы ретінде «Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті» атауының көрсетілуі, мақала жарияланған уақытта автордың Ахмет Ясауи университетінде қызмет атқарып жатқан, университетте немесе университет атынан басқа ЖОО-нан кейінгі білім беру бағдарламаларында білім алып жүрген тұлға болуы тиіс. Жарияланған мақаланың (Article) қосалқы авторлары (авторлар ұжымы) болған жағдайда, марапаттау сыйақысы университет оқытушы-профессорлар құрамына, қызметкерлеріне, университетте және университет атынан ЖОО-нан кейінгі білім беру бағдарламаларында білім алып жүрген тұлғаларға және университет атынан мақала (Article) жариялаған авторларға теңдей етіп бөлінеді. Ынталандыру сыйақысын алу үшін мақала (Article) жариялаған және патент алған күннен бастап бір жыл (он екі ай) ішінде өтініш өткізуі, өтініш қабылдаған күннен бастап 3 (үш) айдың ішінде марапатқа ұсынылуы (мақала ұсынылып жатқан уақытында Web of Science/Web of Knowledge; Elsevier; Scopus базаларындағы журналдарда қамтылуы) қажет³.

(4) 10-бапта көрсетілген марапат мөлшері ағымдағы бағам негізінде ұлттық ақша (теңге) түрінде төленеді⁴.

³ 2022 жылғы 28 мамырдағы Өкілетті Кеңестің 72-мәжілісінде қабылданған шешімдердің 6.3.2. бабымен өзгертілді.

⁴ 2018 жылғы 10 қарашадағы Өкілетті Кеңестің 58-мәжілісінде қабылданған шешімдердің 19.7.4. бабымен өзгертілді.

(5) Ғылыми мақала жариялауды ынталандыру төлемдеріне қатысты негіздер мен тәсілдер, Жәрдемақы және сыйақы (марапаттау) регламентінің» талаптары шеңберінде Университет сенаты тарапынан қабылданатын Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің Ғылыми мақала жариялауды ынталандыру төлемдерінің негіздері мен тәсілдері» ережесіне сәйкес жүзеге асырылады⁵.

Ұлттық және діни мерекелерге байланысты берілетін сыйақылар

11-бап. - (1) Қазақстан Республикасында тойланатын мерекелерде комиссия шешімімен және мерекенің ерекшелігіне қарай, барлық қызметкерлерге немесе бір бөлігіне көрсеткіштің 3 есесінен аспайтын мөлшерде сыйақы берілуі мүмкін.

Университет ішінде өткізілетін жарыстарда берілетін марапаттаулар

12 – бап (1) Университетте білім, мәдениет, өнер және спорт салалары бойынша өткізілетін жарыстарда жеңімпаз атанғандарға ерекшелігіне қарай, тиісті тұлғалардың ұсынысының негізінде және комиссия шешімімен көрсеткіштің 100 есе мөлшерінде сыйақы берілуі мүмкін⁶.

Жәрдемақы және сыйақы мөлшерін арттыру

13-бап. - (1) Осы регламенттің екінші бөлімінде көрсетілген мөлшерлер, жәрдемақы және сыйақы берілетін тұлғаның университет, Қазақстан Республикасы, Түркия және түркі тілдес елдер мен туыстас қауымдастықтардың танытылуына, мәдениеті мен ғылымының дамуына қосқан орасан зор еңбегі үшін комиссия тарапынан екі есеге дейін арттырылуы мүмкін.

ҮШІНШІ БӨЛІМ

Басқа мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарға, жеке және заңды тұлғаларға берілетін демеушілік көмек мөлшері

Жасалатын көмектер

14-бап. - (1) Университетпен ресми байланыс және қарым-қатынас орнатқан мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардан келіп түскен қызмет хаттарға сәйкес, өзара қарым-қатынасқа мүдделі басқа да мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарға, сондай-ақ жеке және заңды тұлғаларға, негіздемесін ашық түрде көрсету шартымен комиссия шешімі негізінде төмендегі белгіленген лимит пен тәсілдер шеңберінде коммерциялық бюджет есебінен көмек көрсетіледі:

А) 2.000.000. теңгеге дейінгі демеушілік көмек университет ректоры мен ректор өкілінің бекітуімен;

Ә) 2.000.000 теңгеден жоғары мөлшердегі демеушілік көмек Өкілетті Кеңес шешімімен төленеді.

⁵ 2022 жылғы 28 мамырдағы Өкілетті Кеңестің 72-мәжілісінде қабылданған шешімдердің 6.3.3. бабымен өзгертілді.

⁶ 2025 жылғы 15 ақпандағы Өкілетті Кеңестің 78-мәжілісінде қабылданған шешімдердің 11.1. бабымен өзгертілді.

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

Басқа да ережелер

Күші жойылған ереже

15-бап. - (1) Осы регламенттің күшіне енуімен 18/05/2009 жылғы 24-ші Өкілетті Кеңес мәжілісі шешімдерінің 6.1.-бабымен қабылданған регламент өз күшін жояды.

Күшіне ену

16-бап. - (1) Осы регламент 01 шілде 2012 ж. бастап күшіне енеді.

Жүзеге асыру

17-бап. - (1) Осы регламенттің ережелері университеттің ректоры мен ректор өкілі тарапынан жүзеге асырылады.

Регламент қабылданған Өкілетті Кеңес мәжілісі		
Күні: 19/02/2022	Мәжіліс № 71	Шешім № 17.2.25